

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**THE ISSUES OF MANAGEMENT SKILLS FORMATIONS OF EXPERTS IN FUTURE****SADYRBEKOVA D.K**

PHD, Researcher, Abai Kazakh National Pedagogy University / Phd – докторант Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті diko82-@mail.ru

OMARBEKOVA Ş.O.

Lecturer, Kazakh State Women's Teacher Training University/ п.ф.к., аға оқытушы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Кілттік сөздер: қабілет, басқару, басқарушылық қабілеттер, құзыреттілік, басқарушылық құзыреттілік.

Қазіргі таңда болашақ педагог мамандардың басты тұлғалық сапаларының бірі - басқарушылық қабілеттері. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, инновациялық жаңа үрдістерді дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын ортаға тез бейімделуді қажет етеді. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының әлемдік өркениетке ұмтылып, дүниежүзіне іргелі ел ретінде танылып, Тәуелсіздіктің тұғырын 25 жыл берік орнатып отырған Қазақстан Республикасының болашағында білімді, білікті, саналы азаматтар тәриелеу міндеттері қойылған. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. [1]

Басқарушылық қабілеттер – бұл көптеген факторларға байланысты, өте күрделі түзілулер: тұлға құрылымы, мінез-құлық ерекшеліктері, тәжірибесі мен бағыттылығы, іс-әрекет шарттары. Бұлар педагогикалық іс-әрекетке әсер етуші тұрақты сипаттамалар болып табылады. Мұндай тұлға қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс жинақталған тәжірибе жұмысын теориялық жоспарлауды, педагогикалық жұмыстың инновациялық бағыттылығын қажет ететіні анық. Адам белгілі деңгейдегі басқарушылық қабілеттермен туылады, дегенмен басқарушылық қабілеттің айқындалуы үшін дамытушы орта, мотивация, іс-әрекет маңызды рөл атқарады.

Мәселені айқындау үшін «басқару» және «менеджмент» түсініктерін талдау қажет. «Басқару» ұғымы ағылшын тілінен аударылған «менеджмент» сөзімен бірдей, яғни, «management» - басқару. Сөздіктерде «басқару, басқарушылық» сөздері қозғалысты, белгілі бір затты бағыттау, басқару, іс-әрекетті бағыттау, белгілі бір әрекет деген мағынада [2, б.935]. «Басқару» түсінігінің бірқатар интерпретациясы бар: белгілі бір күйден екінші күйге ауысу процесін білдіретін, категория [3,б.69]; адамдарды басқару бойынша іс-әрекет функциясы; қоғамдық қатынастарды ұйымдастырушы мақсатты әдіс, басқарушылық шешімдер қабылдау мен іске асыруда орын алушы өзара қатынас жиынтығы [4, б.132]; түрлі деңгейдегі басқару субъектілерінің мақсатты іс-әрекеті, олар басқарушы жүйенің тиімді дамуы мен қызметін қамтамасыз етеді, қажетті педагогикалық шарттар, әдістер, құралдар және әсерлер көмегімен нақты мақсатқа қолжеткізудің сапалы жоғары деңгейге көтерілуі; «педагогикалық басқару», «мәселелі-қызметтік басқару» ретінде мұғалімдер, білім алушылар, ата –аналар, қоғам ұжымдарына ғылыми негізделген әсер ету [5, б.58-59].

Басқарушылық қабілеттер – бұл табиғи берілген тұлға сапалары. Олар тек білім мен дағдыларға тәуелді емес, көшбасшы болу үшін туылғанынан мүмкіндіктерінің болуын, өзге адамға әсер ете алу біліктілігін игеруді қажет етеді [6].

Басқарушылық қабілеттер – белгілі бір іс-әрекет түрін тиімді іске асырудың субъективті шарттарын анықтау болып табылады, яғни адамдарды басқару әрекетін іске асыру үшін табиғи алғышарттардың болуы [7].

Е.В. Шестун пікірінше басқарушылық іс-әрекетке даярлық – сыртқы түрткі болмаған кезде басқарушылық іс-әрекетке қатысуға бағыттылығын сипаттаушы, субъектінің ерекше күйі. Автор басқарушылық іс-әрекетке даярлық құрылымына екі топтағы сапаларды жатқызады: функционалды критерий негізінде таңдалған сапалар (жалпы басқарушылық қабілеттер), психологиялық критерий негізінде таңдалған сапалар (кәсіби маңызы бар қабілеттер).

К.В. Локшин пікірінше, маманның басқарушылық даярлығы өзіндік ішкі ресурстардан тұрады, олар кәсіби іс-әрекет барысында адамдарды тиімді басқаруға өз әсерін тигізеді. Біздің ойымызша, болашақ педагог маманның басқарушылық іс-әрекетке даярлығы – бұл интегративті білім беру, олар тұлғалық негізде яғни, өз-өзіне деген сенімділік, белсенділік, бастамашылдық, мақсаттылық, табандылық, шығармашылық, жауапкершілік, коммуникабельділік және іс-әрекеттік негізде педагогикалық басқарушылық іс-әрекетте жетістікке жету түрткісі, болашақ мамандығына деген құндылықты бағдар, ұйымдастырушылық мүмкіндіктер, өзіндік орнын табу мүмкіндігі, өзіндік даму мүмкіндігі белгілі негізде іске асып, білім алушының кәсіби қызметінде өзіндік жетілуіне септігін тигізеді. Кәсіби даярлықтан болашақ маманның басқарушылық қабілеттер қалыптасу деңгейі байланысты. Сол себепті де болашақ педагог-психологтардың басқарушылық қабілеттері тікелей жоғарғы оқу орындарында қалыптастырылуы қажет.

Болашақ педагогтардың негізгі басқарушылық іс-әрекеті өзге адамдармен өзара әрекеттестікке негізделген, өзіндік әрекеттерді ұйымдастыру мен басқаруға бығытталған. Оны біз басқарушылық - ұйымдастырушылық жұмыс деп те атай аламыз. П.Ф. Кубрушко пікірінше, басқарушылық іс-әрекет педагог маманның базалық іс-әрекеттерінің бірі болып табылады, және де өзге ғылыми – зерттеушілік, жобалық, ұйымдастырушылық, педагогикалық іс-әрекеттермен қатар жүреді [8, б.61]. М.М. Поташникпен келісе отырып біз, педагогтың басқарушылық іс-әрекеті аясында, басқарушымен орындалатын бірінен кейін бірі кезекпен орындалушы әрекеттер үдерісін түсінеміз, оның нәтижесінде басқарылушы объект бейнесі өзгеріп және қалыптасады, іс-әрекет мақсаты анықталады, оған қол жеткізу әдістері нақтыланады, оған қатысушылары арасындағы қызметтер бөлініп, әрекеттері өзара интеграцияланады. [9, б.75].

Басқарушылық іс-әрекет объектілері білім алушылар тобы және педагог маманның өзі болып табылады. Е.В. Руденский анықтамасы бойынша, педагог «педагогикалық қатынас менеджері ретінде басқарушылық әсерді екі объектіге жүргізеді – педагогикалық үдерісте болатын білім алушылар тобына, және ерекше функцияға ие объект ретінде - өзіне» [10, б.7].

Басқарушылық іс-әрекет субъекті педагог – менеджер болып табылады. Педагог – менеджер, пән – педагогынан шығармашылыққа, өзіндік дамуға, жаңашылдылыққа, қарым - қатынасқа деген ұмтылысымен ерекшеленеді.

Кәсіби бағдар адам кәсібін игеру сәттілігін анықтайды, және кәсіби бағдарланған педагог маманның тұлғалық дамуының маңызды факторы болады.

Кәсіби құзыреттілік (білім, білік және мүмкіндіктер). Менеджмент деңгейіне көтерілу педагог маманға өз кәсіби құзыреттілігін көтеруге мүмкіндік береді. Ол педагог маманның басты құраушысы болып табылады. Педагог маманның кәсіби құзыреттілігін анықтау үшін,

«педагог құзыреттілігі» деген ұғымды қарастырсақ,

Педагог құзыреттілігі – бұл кәсіби – педагогикалық іс-әрекетке теориялық және практикалық даярлық, оның кәсіби зиялылығының көрсеткіші [11, б. 57].

Білім беру модернизациясындағы құзыреттілік амал жақтастары Э.Ф.Зеер құзыреттіліктерді: «теориялық және эмпирикалық білімдердің мазмұнды жинағы, олар түсініктер, принциптер және мән түзуші ережелер түрінде беріледі» [12, б.6].

А.К. Марковаға сәйкес «мұғалімнің төмендегідей еңбегі кәсіби құзыретті: педагогикалық іс-әрекет пен педагогикалық қарым-қатынас жоғары деңгейде атқарылатын, мұғалім тұлғасы іске асырылушы, білім алушылардың тәрбиелілігі мен білім беру нәтижелері жақсы нәтиже беруші» [13, б.116].

Кәсіби құзыреттілік – бұл педагог маманның хабардар болуының деңгейі, ол маман даярлауда туындайтын қиындықтар, білім алушы тұлғасын қалыптастыруда пайда болған оқу – тәрбиелік міндеттерді өнімді шешуге мүмкіндік береді.

Басқару тиімділігі басшының үш өлшемді қамтамасыз етуіне, және олардың арасындағы өзара байланысты дұрыс орната білуі. Біріншісі, бірлеске іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыра алуы, екінші – тиімді тұлғааралық өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету, бұл тұста жалпы қабілеттер емес, тұлғалық негізгі сапалар қатысады, біз өз зерттеуімізде бұл ретте субъектілік сапаларды осыған дейінгі бөлімде атап өткенбіз, және субъектілік сапа құрамы ретінде ерік – жігер мен өзіндік таным дамуы алынған. Үшінші болашақ маманның кәсіби сапалары кіреді. Сонымен қатар, осы үш өлшемнің басқару үрдісі барысында келісілген болуы тағы бір қабілеттер категориясын көрсетеді, олар координациялық, жалпы ұйымдастырушылық, олар өз кезегінде басты тұлғалық сапалармен байланысты. Бұл құрамға қарасақ, басқарушылық қабілеттер құрамы өте кең. Оларға кәсіби негіздегі қасиеттермен қатар, көптеген болашақ маман тұлғалық қасиеттері де кіреді. Сол себепті де басқарушылық қабілеттер жалпы басқарушы тұлғасы құрамымен бірге қарастырылады, кей кездері сонымен алмастырылады. Қабілеттер ұғымы жалпы болашақ басқарушының тұлғалық сапалар ұғымымен теңестіріледі. Бұл қазіргі таңда басқарушылық қабілеттерге берілген негізгі көзқарастардың бірі. Мұндай амал негізінде басқарушылық қабілеттер ауқымы кеңейеді, олар өз құрамына түрлі дәрежедегі тұлға мен психика қасиеттерін ендірген. Бұл амал басқарушылық іс-әрекет өте күрделі екенін көрсетеді, оның негізінде тұлғаға көп талаптар қойылады. Шетел еңбектерінде ол «қасиеттер теориясы» деген атпен енген, ол өз құрамына көптеген осы негіздегі қабілеттерді және бағыттарды жинақтаған. Аталған амал басқарушылық қабілеттер құрамына сипаттама беріп, оның өзара байланыстарын нақты көрсетпейді. Бұл мәселе нақты жауап алу үшін басқарушылық қабілеттер бірқатар категорияларына тоқталу қажет. Олар басқарушылық қабілет болып табылады, немесе басқарушылық іс-әрекет тиімді орындалуын іске асырады, яғни қабілеттер қызметін атқарады.

Біріншіден, бұл басқарушының тұлғалық сипаттамалар категориясы, олар менеджерлік сипаттамалар деп аталады. Олар басқарушылық іс-әрекетке қажетті, себебі олар оның сәтті орындалуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар олар тұлғаның басқарушылық іс-әрекетті таңдауын шарттаушы фактор болып табылады. Бұл сипаттамалар екіге бөлінеді. Біріншісі - жалпыәлеуметтік, олар биографиялық сипаттамалар (әлеуметтік, мәдени – білім берушілік, жасерекшелік және т.б.); Екіншісі – тұлғалық сапалар. Екіншісінде бұл басқарушылық қабілеттер категориясы. Ол да екі топқа бөлінген. Біріншісі – жалпы басқарушылық қабілеттер. Олар аталған іс-әрекет тиімділігін арттырады. Екінші жеке басқарушылық қабілеттер, олар жеке қызметтер, басқару міндеттерін қамтамасыз етеді.

Екі аталған категория іс-әрекеттік – қызметтік критерийге кіреді, іс-әрекет үшін қандай тұлға

психикасы мен сапалары қажет екендігін анықтайды. Осы критерийге сәйкес басқарушылық іс-әрекетке қатысты жалпы және арнайы қабілеттерді ерекшелейді. Екіншіден, қабілеттер негізгі психикалық үрдістерге жинақталады – когнитивті, реттеушілік, коммуникативті, мотивациялық, еріктік. Осылай біз басқарушылық қабілеттер жалпы құрамын екі критерий арқылы көреміз – қызметтік – іс-әрекеттік және құрылымдық – психологиялық. Кәсіби маңызды қабілеттер даму деңгейіне басқарушылық педагогикалық іс-әрекетті игеру, бәсекеге қабілеттілік, олардың кәсіби маман болуы байланысты болады.

Басқарушылық қабілеттің қалыптасуы өзіндік даму, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі актуаландыру мәселелерімен байланысты. Өзін-өзі актуаландыру психология ғылымында тұлғаның барлық динамикалық құрылым деңгейінде саналы белсенділік таныту процесі ретінде қарастырылады. Өзіндік сана сезім әрқашан адамның сыртқа бағытталуымен, қатынасты жетілдірумен айқындалады. Ол студенттің интеллектуалды даярлық деңгейін арттырудағы белсенділігін, жауапкершілігін, дербестігін бастамашылығын сипаттайды. Осыған орай өзіндік сана студенттердің басқарушылық қабілеттерін бейнелейтін маңызды көрсеткіш деп санаймыз.

Басқарушылық қабілет жоғары деңгейі студенттердің ерік-жігер сапаларының дамуы, элеуметтік белсенділігі; өзін-өзі актуалдандыруға ұмтылысы; қатынастар жүйесінің мазмұны болып табылады. Сонда, оның көрсеткіштері ретінде студенттердің өзіндік сана-сезімі аса маңызды болады. Осыған орай студенттердің өзіндік сана-сезімі, ерік күш қасиеттерінің жоғары деңгейлі танытуы мен дамытуы басқарушылық қабілет деңгейінің де көрсеткіші болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Толковый словарь русского языка: В 4 т./ Под ред. Д.Н. Ушакова. М.: ООО «Издательство Астрель», 2009. - 1239с.
3. Нарыбаев К.Н., Аганина К.Ж., Утебаева Н.М. Менеджмент в сфере образования. Образовательная программа. – Алматы, 2012. – 50 с.
4. Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление; — М.: Педагогический поиск, 2000. — 224с.
5. Умирбекова Ж.Б. Организационно-педагогические основы менеджмента в образовании в условиях глобализации современного общества : автореф.док.пед. наук. – Атырау, 2010. – 46 с.
6. Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Аксиологический и культурологический подходы к исследованию проблем педагогического образования в научной школе В.А. СластенинаУ/Сибирский педагогический журнал. - №2. - 2005. — с.193-208.
7. Сластенин В.А. Деятельностное содержание профессиональноличностного развития педагога //Воспитательная работа в вузе: состояние, проблемы, перспективы развития: Материалы Международной научной конференции. - М.: МАНПО; Ярославль: Ремдер, 2009. - с.3-8.
8. Кубрушко П.Ф. Содержание профессионально-педагогического образования. Монография. -2-е изд., дораб.-М.: Гардарики, 2006.— 207с.
9. Поташник М.М. Управление современной школой: (В вопросах и ответах): Пособие для руководителей образовательных учреждений и органов, образования. - М.: Новая школа,

1997. — 352с.

10. Руденский Е.В., Панина Т.С. Введение в теорию и практику психологических технологий общения учителя как менеджера. - Кемерово: Изд-во ОблИУУ, 1995. - 109с.

11. Жайтапова А.А., Садвакасова З.М., Кабдолданова Б.А. Менеджмент качества в организации образования. – Алматы, 2010. – 279 с.

12. Зеер Э.Ф. Профессионально-образовательное пространство личности. - Рос. гос. проф.-пед. ун-т; Нижнетагил. гос. проф. колледж им. Н.А. Демидова. - Екатеринбург, 2002. — 380с.

13. Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. - 278с.